## Қазақтардың II Дүниежүзілік құрылтайын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 20 тамыз N 928

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақтардың II Дүниежүзілік құрылтайы (бұдан әрі - Құрылтай) 2002 жылғы 17-19 қазанда Түркістан қаласында өткізілсін.

2. 1-қосымшаға сәйкес құрамда Құрылтайды дайындау және өткізу жөніндегі республикалық комиссия құрылсын.

3. 2-қосымшаға сәйкес Құрылтайды дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралардың жоспары бекітілсін.

4. Құрылтайды дайындау мен өткізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру 2002 жылға арналған бюджетте тиісті мемлекеттік мекемелерге - бағдарламалардың әкімшілеріне көзделген қаражаттың есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 20 тамыздағы N 928 қаулысына 1-қосымша

## Қазақтардың II Дүниежүзілік құрылтайын дайындау және өткізу жөніндегі республикалық комиссияның құрамы

| | |
|---|---|
| Мұхаметжанов Бауыржан Әлімұлы | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға |
| Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлы | - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі, төрағаның орынбасары |
| Сапарбаев Бердібек Машбекұлы | - Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі, төрағаның орынбасары |
| Найманбаев Қалдарбек Найманбайұлы | - Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары, төрағаның орынбасары (келісім бойынша) |

| | |
|---|---|
| Әбдіков Төлен | - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары (келісім бойынша) |
| Ысқақ Әкім Әбдіқайымұлы | - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Аумақтық-ұйымдастыру бөлімінің мемлекеттік инспекторы (келісім бойынша) |
| Қалижанұлы Уәлихан | - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша) |
| Әбілқасымов Ерасыл | - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша) |
| Әбусейітов Қайрат Қуатұлы | - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер вице-министрі |
| Бекмахамбетов Әлихайдар Құлмаханұлы | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің сектор меңгерушісі |
| Мұтанов Ғалымқайыр Мұтанұлы | - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым бірінші вице-министрі |
| Жақыпов Қабиболла Қабенұлы | - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар бірінші вице-министрі |
| Ізбанов Мұхит Кәрімұлы | - Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары |
| Жұмабаев Бейбіт Тейнелұлы | - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының орынбасары |
| Отто Иван Иванович | - Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі |
| Айдарханов Арман Тергеуұлы | - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі |
| Коржова Наталья Артемовна | - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі |
| Досжан Ардақ Дүкенбайұлы | - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім вице-министрі |
| Тілеухан Бекболат Қанайұлы | - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы |
| Мурзин Алмат Зарлықұлы | - Алматы қаласы әкімінің орынбасары |
| Әметұлы Өмірзақ | - Түркістан қаласының әкімі |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 20 тамыздағы
N 928 қаулысына
2-қосымша

## Қазақтардың ІІ Дүниежүзілік құрылтайын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралардың жоспары

| Р/с N | Іс-шара | Орындау мерзімі | Орындау үшін жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Алматы, Шымкент, Түркістан қалаларында Құрылтайды өткізу жөнінде штаб құру. Штабқа үй-жайлар, қажетті мүкәммал, ұйымдастыру техникасын, көлік бөлу | 2002 жылдың 1 қазанына дейін | Алматы, Шымкент, Түркістан қалаларының әкімдері |
| 2 | Қонақтардың тізімін жасау, шақыру қағаздарын жіберу, виза аштыру және олардың Қазақстанға келуін қамтамасыз ету | 2002 жылдың 1 қыркүйегіне дейін | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім, Ішкі істер, Сыртқы істер министрліктері, Кеден комитеті, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы (келісім бойынша) |
| 3 | Құрылтай қонақтарын, сондай-ақ БАҚ-тың тіркелген өкілдерін және мәдени бағдарламаға қатысушыларды күтіп алу, тіркеу, қонақ үйге орналастыру, тамақтандыру, көлікпен қамтамасыз ету, шығарып салу | 2002 жылдың 15-21 қазаны | Алматы қаласының, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдері, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы (келісім бойынша) |
| 4 | Алматы - Түркістан Алматы бағыты бойынша Құрылтайға қатысушылар үшін арнайы поезд ұйымдастыру | 2002 жылдың 16-19 қазаны | Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 5 | Ташкент - Түркістан - Ташкент бағыты бойынша Құрылтайға қатысушылар үшін арнайы автобус ұйымдастыру | 2002 жылдың 17-19 қазаны | Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі |
| 6 | Салтанатты және пленарлық, секциялық мәжілістер өткізу | 2002 жылдың 18 қазаны | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі, Дүниежүзі қазақтарының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қауымдастығы (келісім бойынша) |
| 7 | Өнер шеберлерінің концертін ұйымдастыру | 2002 жылдың 18 қазаны | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мәдениет комитеті, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі |
| 8 | Таяу және алыс шетелден келген қазақ ақындарының мүшәйрасын өткізу | 2002 жылдың 19 қазаны | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мәдениет комитеті, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі |
| 9 | Әлем қазақтары қолданбалы өнер шеберлері жұмыстарының көрмесін өткізу | 2002 жылдың 17-19 қазаны | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы (келісім бойынша) |
| 10 | "Құрылтай" деректі фильмін түсіру | 2002 жылдың 15-21 қазаны | "Қазақфильм" ҰК |
| 11 | "Алтын бесік" альманахын шығару | 2002 жылдың 10 қазанына дейін | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы (келісім бойынша) |
| 12 | "Қалың елім, қазағым" кітабын және Құрылтайдың құжаттар жинағын шығару | 2002 жылдың 4-тоқсаны | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы (келісім бойынша) |
| 13 | Құрылтайды өткізу кезінде медициналық қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету | 2002 жылдың 15-20 қазаны | Денсаулық сақтау министрлігі, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі |
| 14 | Құрылтай өткізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету | 2002 жылдың 15-20 қазаны | Ішкі істер министрлігі, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі |
| 15 | Құрылтайға қатысушыларды көлікпен (автобустармен, жеңіл автомобильдермен) қамтамасыз ету | 2002 жылдың 16-21 қазаны | Алматы қаласының және Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдері |
| 16 | Құрылтайды дайындау мен өткізу барысын БАҚ-та жария ету | 2002 жылдың қазаны | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 17 | Құрылтай Баспасөз орталығының жұмысын ұйымдастыру, Құрылтайды жария етуші БАҚ өкілдерін тіркеу | 2002 жылдың 15-21 қазаны | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 18 | "ҚР тәуелсіздігінің 10 жылдығы" мерейтойлық медалін, ҚР Президентінің құттықтау хатын, Қазақстанның жетістіктері туралы сыйлық бейнетаспасын жасау | 2002 жылдың 1 қазанына дейін | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Президенттің Іс басқармасы (келісім бойынша), "Қазақфильм" ҰК |
| 19 | Түркістан қаласында саябақ іргетасын қалау мен Пантеон салудың жобасын әзірлеу | 2002 жылдың 1 қыркүйегіне дейін | Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 20 | Жарнама бейнеролигін жасау | 2002 жылдың 1 қазанына дейін | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 21 | Театралдандырылған көріністер мен Қазақстан өнер шеберлері концертінің сценариін комиссияның бекітуіне енгізу | 2002 жылдың 1 қыркүйегіне дейін | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мәдениет комитеті |
| 22 | Қазақстан Республикасы Президентінің атынан қабылдау | 2002 жылдың 18 қазаны | Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі, Президенттің Іс басқармасы |
| 23 | Алматы, Шымкент, Түркістан қалаларын көрнекі безендіруді қамтамсыз ету | 2002 жылдың 15-21 қазаны | Алматы, Шымкент, Түркістан қалаларының әкімдері |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК